

**Б.Н. Қалмұхаметова**

Қазақстан Республикасы Бас  
прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау  
органдары академиясының Жоғары оқу  
орнынан кейінгі білім беру және кәсіби  
біліктілікті арттыру институтының оқу-  
әдістемелік қамтамасыз ету  
Басқармасының аға прокуроры

### **ҰСТАП БЕРУГЕ (ЭКСТРАДИЦИЯЛАУҒА) ЖАТАТЫН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ПРОЦЕСТІК КЕПІЛДІКТЕР МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ**

Қазіргі кезде әлем мемлекеттері экономикалық, мәдени және құқықтық түрлі салаларда бір-бірімен өзара тығыз байланыста. Мұндай өзара іс-әрекеттің қажеттігі жылдан жылға артып отыр. ХХІ ғасырда интеграциялық үдерістер адамзаттың бұған дейінгі бүкіл тарихымен салыстырғанда өзектілігін танытып отыр. Соңғы жылдары әлем қауымдастығы аса қауіпті трансұлттық қылмыстар, оның ішінде терроризм, адам саудасы және т.б. қылмыстардың өршуіне қарсы іс-әрекетке жұмыла кірісу қажеттігімен бетпе-бет келген.

Әлемде интеграциялық үдерістердің қарқындауы Қазақстан Республикасының аумағында шетел азаматтарының, сондай-ақ отандастарымыздың басқа мемлекеттердің аумағында жасайтын құқық бұзушылықтарымен байланысты проблемаларды туындатып отыр.

Мұндай қалыптасқан жағдайларда әлем мемлекеттері үшін жалпы қылмысқа қарсы күрес, оның ішінде трансұлттық қылмыспен күресудегі ынтымақтастық өзекті мәселеге айналады. Халықаралық ынтымақтастық процесінде неғұрлым жиі қолданылатын құқықтық институт – бұл ұстап беру (экстрадициялау) институты.

Ұстап беру (экстрадициялау) институтының рөлі қазіргі кезеңде артып келеді, оған мемлекеттердің осы саладағы белсенділігінің артуы дәлел: жаңа заңдар қабылдануда, халықаралық шарттар жасалуда, халықаралық ұйымдардың қарарлары қабылдануда және сот тәжірибесі де кеңеюде.

Біздің пікірімізше, ұстап беру (экстрадициялау) қылмыстық процесс шеңберінде жүзеге асырылатындықтан, ұстап беруге (экстрадициялауға) жататын тұлғаға олардың осы құқық саласымен қарастырылатын құқықтары мен бостандықтарының барлық процестік кепілдіктері таратылуы тиіс.

Кепілдіктердің мәніне келетін болсақ, ол адамдардың игіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыруды қамтамасыз ететін шарттар жүйесі болып табылады. Кепілдіктің нысаны ретінде – тұлғаның құқығын сақтау және қорғауға байланысты қоғамдық қатынастар қарастырылады [1.43].

Экстрадициялауға қатысты қылмыстық қудалау үшін ұстап берілетін тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілдіктері – бұл лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттері мен шешімдеріне жауап беру нысанын қарастыратын қылмыстық-процестік нормалар, сонымен қатар осы саладағы сот бақылауының нысандары болып табылады.

Қамауда ұстау, экстрадициялық қамақты қолдану және ұстап беру туралы сұрау салуды қанағаттандыруға қатысты шешімдерге шағымдану ұстап берілетін тұлғаның құқығы мен бостандығын қамтамасыз етудің маңызды кепілдігі болып табылады.

А.В. Марченконың әділ ескертуі бойынша, экстрадициялау өз алдына құқықтық процесс, оның әртүрлі сатыларында тұлға мәжбүрлеу шараларын қолданудың заңдылығына шағымдану үшін процессуалдық құралдармен қолдануға мүмкіндігі болуы керек, және ұстап беру мақсатында қамауға алу кезінде, өзінің экстрадициялануына қарсы дәлелдемелер келтіріп, сұрау салған мемлекет заңнамасында қарастырылған реттілікте соттың ұстап беру туралы шешіміне наразылық білдіре алады. Осындай жағдайда процессуалдық кепілдіктерге шектеу қою – экстрадициялау туралы іске қатысты бүкіл өндірістің заңдылығына күмән тудырып, мемлекеттің адам құқығын қамтамасыз ету бойынша халықаралық міндеттемелерін бұзуы мүмкін [2].



Қылмыстық процесте заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен өз құқығы мен бостандығын қорғауға байланысты конституциялық құқық – процестік әрекеттер мен шешімдерге (ҚР ҚПК 31-бабы) шағым жасау бостандығы қағидатында бекітіліп, оған сәйкес:

1. Сот пен қылмыстық қудалау органының әрекеттері мен шешімдеріне осы Кодексте белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

2. Әрбір сотталған адамның, ақталған адамның үкімді жоғары тұрған сотқа осы Кодексте белгіленген тәртіппен қайта қаратуға құқығы бар.

3. Шағымды оны берген немесе өзінің мүддесіне шағым берілген тұлғаға зиян келтіретіндей етіп қолдануға жол берілмейді [3].

Экстрадициялау институтына қатысты қолданылатын осы қағидат кең регламенттеуге ие болды:

- ҚПК 588-бабының 5-бөлігінде «Тергеу судьясының осы қаулысының заңдылығы мен негізділігіне шағым жасау, наразылық білдіру және тексеру осы Кодекстің 107-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады».

- ҚПК 589-бабының 5-бөлігінде «Тергеу судьясының осы қаулысына шағым жасауды және наразылық білдіруді осы баптың төртінші бөлігіне сәйкес оның заңдылығы мен негізділігін тексеретін облыстық немесе оған теңестірілген сот осы Кодекстің 107-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырады».

- мазмұны төмендегідей болып табылатын ҚР ҚПК-нің 592-бабы:

1. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарының ұстап беру (экстрадициялау) туралы қаулысына өзіне қатысты осы шешім қабылданған адам немесе оның қорғаушысы қаулының көшірмесін алған кезден бастап он тәулік ішінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына шағым жасай алады.

2. Өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданған адамды күзетпен ұстау орнының әкімшілігі шағымды алған соң жиырма төрт сағат ішінде оны Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына жібереді және бұл туралы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасын хабардар етеді.

3. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасары адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы қаулыға шағым жасау туралы хабарлама келіп түскен кезден бастап он тәулік ішінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына өзі қабылдаған шешімнің заңдылығы мен негізділігін растайтын материалдарды жібереді.

4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы шағымды алған күннен бастап бір ай ішінде адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімнің заңдылығы мен негізділігін тексеруді прокурордың, өзіне қатысты

ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданған адамның және оның қорғаушысының қатысуымен ашық сот отырысында жүргізеді. Айрықша жағдайларда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін.

5. Отырыстың басында төрағалық етуші қандай шағым қаралуға жататындығын хабарлайды, қатысушыларға олардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін түсіндіреді. Содан кейін арыз иесі және (немесе) оның қорғаушысы шағымды негіздейді, осыдан кейін сөз прокурорға беріледі.

6. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы сотта қарау барысында осы адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімнің Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық шарттарына сәйкестігін тексерумен шектеліп, өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданған адамның кінәлілігі мәселесін зерттемейді және шет мемлекеттің құзыретті органдары қабылдаған процестік шешімдердің заңдылығын тексермейді.

7. Тексеру нәтижесінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мынадай:

1) адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімді заңсыз немесе негізсіз деп тану және оның күшін жою туралы;

2) шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы;

3) адамды қамақта ұстау мерзімін кемінде бір ай мерзімге бір мезгілде ұзарта отырып, осы шешімді қабылдау үшін елеулі маңызы бар мәселелер қаралғанға дейін адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімді тоқтата тұру туралы қаулылардың бірін шығарады.

8. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімді заңсыз немесе негізсіз деп тану және оның күшін жою не шағымды



қанағаттандырусыз қалдыру туралы қаулысы ол жария етілген кезден бастап заңды күшіне енеді.

9. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты оған қатысты ұстап беруді (экстрадициялауды) заңсыз немесе негізсіз деп тану және оның күшін жою туралы қаулы шығарған адамды босату осы Кодекстің 589-бабының оныншы бөлігінде көзделген тәртіппен жүргізіледі [3].

Уақытша күзетпен ұстау немесе экстрадициялық қамаққа алу шағымдары ҚР ҚПК 107-бабымен қарастырылған тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

Мысалы, кісі өлтірген деп айыпталған халықаралық іздеу салынған Израйыл азаматы Петропавл қаласында ұсталған болатын, ол өзінің қамаққа алу шешіміне шағым білдірді-деп хабарлайды Солтүстік Қазақстан облысы сотының баспасөз қызметі.

20 сәуірде апелляциялық сот коллегиясы халықаралық іздеудегі экстрадициялық қамаққа алынған Израйыл азаматының шағымын қарастырды, ол ағымдағы жылғы 12 сәуірде ұсталып, Петропавл қаласының ІІБ УҰИ орналастырылған болатын.

«Петропавл қалалық соты судьясының қаулысымен Израйыл азаматына қатысты бір айлық мерзімге экстрадициялық қамаққа алу түрінде бұлтартпау шарасы санкцияланды. Судьяның осы шешімі – Израйылдың өз азаматына қатысты қылмыстық қудалау және 2012 жылғы 6 ақпандағы Ашкелон қаласының (Израйыл) Әлемдік сотының шешімі бойынша қамаққа алу туралы ордерін орындау үшін ұстап беру туралы талабын қамтамасыз ету мақсатымен негізделді», - деп хабарлайды баспасөз қызметі.

Алайда қорғаушы экстрадициялық қамаққа алынған тұлғаның мүддесін қорғай отырып, соттың шешіміне шағым білдірді, бұл Израйыл азаматы бұрын Қазақстан Республикасының азаматы болғанын, әрі 2010 жылы Израйылдан Ресей Федерациясына шығып, сол мезгілден бастап Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының шекарасын бірнеше рет өтіп, төлқұжаттық тәртіпті сақтағанын ескермеді деп көрсетті.

«Қорғаушының шағымына сүйенсек, 2012 жылы 4 сәуірде жоғарыда аталған азамат Петропавл қаласында тұратын әпкесіне келіп, көші-қон полициясына тіркеліп, Израйылда жұмысқа орналаса алмаған соң Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау мақсатымен құжаттар жинап жүрген. Ол өзіне іздеу салынғаны туралы білмеген, алдын-ала тергеу органынан жасырыну ниеті мен себептері болған жоқ. Сонымен қатар, Израйылда Конституция (Негізгі заң) жоқ екенін, әрі діни догмалар әсер ететінін және Израйыл аумағында экстрадициялық қамаққа алынған тұлға психологиялық қысымға және азаптауға ұшырау қаупі бар екенін судья ескермеді, деп келтіреді қорғаушы»-деп хабарлайды соттың баспасөз қызметі.

Апелляциялық қаулыда Қазақстан Республикасы мен Израйыл арасында қылмыскерлерді ұстап беру туралы шарт жасалмаған, алайда осы жағдайда өзара түсіністік қағидаты қолданылады, яғни өзара түсіністік қағидаты негізінде бір тараптың талабы бойынша екінші тарап қылмыскерді ұстап береді.

«Израйыл аумағында осы азамат – Израйыл ҚК 300 (а) бабы бойынша адам өлтірді, 499 (а) (1) бабы бойынша қылмыс жасауға ниет білдіру, 244 (а) (1) бабы бойынша әділ сотқа кедергі жасады деп айыпталады, осы қылмыстар үшін жазалаудың максималды мерзімі – өмір бойы қамауда болу қарастырылған. Осы азаматқа қатысты адам өлтірді деп айып тағылды, ал бұл қылмыс Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша аса ауыр қылмыстар санатына жатады. Сонымен қатар, қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі де өтіп кеткен жоқ. ҚР ҚПК-нің 534-бабының 1,5 тармақтарына сәйкес, шетел мемлекетінің құзыретті органдарынан тиісті түрде рәсімделген және тұлғаны ұстап беруге қатысты заңды негіздер болған жағдайда, ол ұстауға тиесілі болып, оған қатысты экстрадициялық қамаққа алу туралы бұлтартпау шарасы қолданылады»- деп апелляциялық қаулыда ескерілген.

Экстрадициялық қамаққа алынған тұлғаның (ол кәмелетке толған, қол сұғылмаушылық мәртебесіне ие емес, оның денсаулық жағдайы тергеу изоляторында болуына кедергі тудырмайды), сонымен қатар оның қамақта болуына кедергі болатын айрықша мән-жайлардың болмауына байланысты Коллегия экстрадициялық қамаққа алынған тұлғаға қатысты сот қаулысын заңды және негізді деп мойындады, деп ескереді сотта [4].



О.Г. Михайлованың әділ түрдегі ескеруі бойынша, мұнда шағымдану құқығы – орыс тілінде құрылған және ұстап беруді негіздейтін ұсынылған процессуалды құжаттарды толыққанды зерттеу мүмкіндігімен тығыз байланысты [5].

Біздің мемлекетімізге қатысты бұл қазақ тілінде немесе кез-келген басқа тілде орындалса да болады, себебі заманауи жағдайда көші-қон үрдісі Қазақстан Республикасының аумағын да қамтиды.

Алайда, «Адамдарды ұстап беру (экстрадициялау)» атты ҚПК 60-тарауында енгізілген нормалардың біреуінде де ұстап берілетін тұлғаға танысу үшін ұсынылатын құжаттың қандай-да бір тілге аударылу талаптары келтірілмеген.

О.Г. Михайлова өз сөзін былай деп жалғастырады: «Осыған орай, тұлғаның орыс тілін жетік меңгергені және түсінетіні туралы мәселе туындайды. Қолданыстағы тергеу және сот практикасында осы белгіні анықтау – тек тұлғадан жауап алу кезінде ғана тұлғаның сөзімен расталады және құжатты түрде осы фактіні бекітумен ғана іске асырылады. Алайда, егер экстрадициялау туралы шешім қабылдаған кезде осы факт белгісіз болса, ұстап берілетін тұлғаның құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету мақсатында ұстап беру туралы шешімі бар құжатты, оған шағымдану тәртібі мен мерзімін аудару дұрысырақ болады. Осы жағдайда тілді білмеу және жетік меңгермеу бір ғана міндеттілікті туындатады – бұл тұлғаның өз тіліне немесе түсінетін тіліне процессуалды құжаттарды аудару» [5].

Біздің ойымызша, экстрадициялауға жататын тұлға Қазақстан Республикасында сот өндірісі жүргізілетін қазақ немесе орыс тілін меңгермеуі мүмкін деген жағдай да қалыптасуы мүмкін.

ҚР ҚПК 30-бабындағы «Қылмыстық сот өндірісінің тілі» тарауында бекітілген қылмыстық процестің қағидатына сәйкес:

Іс бойынша өндіріс жүргізілетін тілді меңгермеген немесе жетік түсінбеген іске қатысатын тұлғаға арыз беру құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі, сонымен қатар өзінің ана тілінде немесе меңгерген басқа тілінде түсініктер мен жауаптар беруге, өтінішхаттар жариялауға, шағымдарын келтіруге, істің материалдарымен танысуға, әрі қолданыстағы кодексте қарастырылған тәртіп бойынша аудармашының қызметтерімен ақысыз түрде қолдануға құқығы бар.

Қылмыстық сот өндірісіне қатысушы тұлғаларға басқа тілде баяндалған қажетті іс материалдарын қылмыстық сот өндірісі тіліне аудару ақысыз түрде қамтамасыз етіледі. Сот процесіне қатысушы тұлғаларға сот сөйлеуінің басқа тілде іске асатын бөлігін сот өндірісінің тіліне аудару өтеусіз жүргізіледі.

Қылмыстық процесті жүргізетін органдар процестің қатысушыларына осы Кодекске сәйкес сот өндірісінің тілінде құжаттар ұсынады. Осындай жағдайда қылмыстық сот өндірісінің тілін түсінбейтін және меңгермеген тұлғаларға – олар таңдаған тілде баяндалған құжаттың аударылған және куәландырылған көшірмесі қосымша беріледі [3].

Ұстап беруге тиесілі тұлғаның қазақ немесе орыс тілдерін білмеуіне байланысты қиындықтар оны ұстаған мезеттен бастап орын алуы мүмкін.

Осыған байланысты 586-баптың 1-бөлігін 8) тармақпен келесі редакцияда «аудармашының қызметтерін тегін пайдалану, сонымен қатар құжаттардың аударылған көшірмесін алуға» деп толықтыруды дұрыс деп санаймыз.

Ұстап беру (экстрадициялау) институтына қатысты қылмыстық процестің жалпы нормалары мен қағидаттары әсер етеді, яғни ұстап беруге жататын тұлға Қазақстан Республикасының қылмыстық процесіне қатысатын күдіктіге, айыпталушыға және сотталушыға таратылатын барлық құқықтармен қолданыла алады. Осы тұрғыдан қарағанда бізге мына мән-жәй түсініксіз, не себепті ұстап берілетін тұлғаға ұстап беру туралы шағымын қанағаттандырусыз қалдыру туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Қаулысына шағымдану құқығы берілмеген. ҚПК 592-бабы 8-тармағына сәйкес, осы шешім оны жариялаған мерзімнен бастап өз күшіне енеді.

Салыстыру үшін, ҚПК 484-бабына сәйкес, Кассациялық сатыдағы қаулылар – қолданыстағы Кодекстің 485-бабының екінші тармағында қарастырылған негіз болғанда Жоғарғы Сот төрағасының және Бас прокурордың наразылығы бойынша ғана қайта қаралуы мүмкін [3].

Осы ережені талқылағаннан кейін бізде тағы бір сұрақ туындайды – не себепті ұстап берілетін тұлға туралы ҚР Бас прокурорының шешіміне шағымдану тікелей Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына ғана шағымдалуы тиіс?





Мәселен, уақытша күзетпен ұстау және экстрадициялық қамаққа алу туралы санкцияны аудандық тергеу соты немесе оған теңестірілген сот беретін. Осы мән-жайдан түйін алатын болсақ, онда сот қарауының келесі деңгейін облыстық немесе оған теңестірілген соттар іске асыруы тиіс.

Мысалы, біздің көрші елде, Ресей Федерациясының «Тұлғаны ұстап беру туралы шешімге шағымдану және оның заңдылығы мен негізділігін соттық тексеру» атты РФ ҚПК 463-бабына сәйкес, ұстап беру туралы Ресей Федерациясының Бас прокурорының немесе оның орынбасарының шешіміне шағымдану – республиканың жоғарғы сотында, өлке немесе облыстық сотта, федералдық мағынадағы қалалық сотта, автономдық облыстық сотта немесе тұлғаның орналасқан автономдық округ сотында хабарлама алған сәттен бастап 10 тәулік ішінде тұлғамен немесе оның қорғаушысымен іске асыруға болады [6].

Ресейлік қылмыстық-процестік заңның көрсетілген ережелері ұстап беруге жататын тұлғаға төменгі соттың заңсыз шешімін жоғарыда тұрған сот сатысына шағымдануға мүмкіндік береді: «Осы жағдайда судьяның тұлға шағымын қанағаттандыру немесе одан бас тарту туралы қаулысы апелляциялық тәртіпте Ресей Федерациясының Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша Сот коллегиясына шағымдана алады» [6].

Біздің ойымызша, экстрадициялауға жататын тұлғаға қатысты шешімнің заңдылығы мен негізділігін соттық қараудың жоғарыда көрсетілген иерархиялық реттілігі – біріншіден, қылмыстық сот өндірісіне тартылатын тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін қамтамасыз ететін қылмыстық процестің барлық қағидаттарының толық іске асырылуына септігін тигізеді, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының аумағында жасалған қылмыстық құқықбұзушылық үшін тартылатын күдікті, айыпталушы, сотталушы мүмкіндіктерімен ұстап берілетін тұлғаның құқықтық мүмкіндіктерін теңестіруге болады; екіншіден, экстрадициялау мәселесіне қатысты сот бақылау сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Баяндалғандарды басшылыққа ала отырып, біз ҚР ҚПК 592-бабына келесі өзгерістерді ұсынамыз:

1. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарының ұстап беру (экстрадициялау) туралы қаулысына өзіне қатысты осы шешім қабылданған адам немесе оның қорғаушысы қаулының көшірмесін алған кезден бастап он тәулік ішінде облыстық және оған теңестірілген сотқа шағым жасай алады.

2. ҚР ҚПК 592-бабының барлық мәтіні бойынша 8. 9. бөліктерінен басқа «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты» деген сөздерді «облыстық және оған теңестірілген сот» деген сөзге ауыстыруды ұсынамыз.

3. ҚР ҚПК 592-бабын келесі редакциядағы 7-1-тармақпен толықтыруды ұсынамыз: «Соттың шағымды қанағаттандыру немесе бұдан бас тарту туралы қаулысы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына шағым жасалуы мүмкін».

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Белянская О.В. Гарантии прав личности: понятие и классификация //Вестник Тамбовского университета. Серия «Гуманитарные науки». 2001.С.42-44.

2. Марченко А.В. Обеспечение процессуальных гарантий в ходе осуществления выдачи (экстрадиции) преступников /<http://cyberleninka.ru>

3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ /<http://adilet.zan.kz>

4. Қазақстан-Жаңалықтары АА. /<http://causa.kz/2012/04/grazhdanin-izrailya-zaderzhannyj-v-petropavlovske-po-podozreniyu-v-ubijstve-obzhaloval-svojj-arest>

5. Михайлова О.Г. К вопросу обжалования экстрадиции /<http://www.twirpx.com/file/1933072/>

6. Ресей Федерациясының Қылмыстық-процестік кодексі дереккөз: <http://upkod.ru/chast-5/razdel-18/glava-54/st-466-upk-rf>.

